



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының депутаттары
Ә.С. Құртаевқа
Ә.Ә. Бектаевқа**

*2022 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 16-13-48Д/С*

Құрметті депутаттар!

Кентау қаласының және оған іргелес елді мекендердің экологиялық ахуалына қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Кентау қаласының және оған іргелес жатқан елді мекендердің аумағын төтенше экологиялық жағдай (бұдан әрі – ТЭЖ) немесе экологиялық зілзала аймағы деп анықтау мақсатында Түркістан облысының әкімдігі «Кентау қаласының және оған іргелес елді мекендердің халқының денсаулығына және қоршаған ортаның жай-күйіне кешенді бағалау жүргізу» ғылыми-зерттеу жұмысын (бұдан әрі – ҒЗЖ) жүргізді (мердігер – «ЭКОСЕРВИС-С» ЖШС).

Қазақстан Республикасы Экология кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 405-бабының 6-тармағына сәйкес денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы уәкілетті органдардың қорытындысымен бірге аумақты зерттеп-қарау материалдары мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Заңнамаға сәйкес ҒЗЖ нәтижелері қорытындыларды алу үшін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім, Денсаулық сақтау министрліктеріне жолданған.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан оң қорытынды берілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – ДСМ) қорытындыны ескертулермен жолдаған.

Мердігер ескертулерді жойып, материалдарды ДСМ-ға қайта жолдаған, қазіргі уақытта қаралып жатыр.

Денсаулық сақтау, білім және ғылым салаларындағы уәкілетті органдардың қорытындылары ұсынылғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – ЭГТРМ) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді.

2023 жылғы қаңтардың бірінші онкүндігінде ЭГТРМ, ДСМ және Түркістан облысы әкімдігі өкілдерінің қатысуымен осы мәселені шешуді жеделдету бойынша кеңес өткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта мемлекеттік басқару деңгейі арасында өкілеттіліктерді орталықсыздандыру бойынша шаралар қабылдау мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, тиісті жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өту қажет, онда Кодекстің 405-бабының 8-тармағына және 410-бапқа қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімімен аумақты ТЭЖ аймағы деп жариялау және ТЭЖ аймағы құқықтық режимінің қолданысын тоқтату бөлігінде өзгерістер енгізу ұсынылуда.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов